

Жаңаарқа ауданының орталықтандырылған кітапханалар
жүйесі КММ




Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімі

Ұлт ақыны – Шәкәрім

ұсыныс тізім

Жаңаарқа -2020 жыл



Кіріспе сөз

Өз заманында зор даңққа жеткен, Абайдан соңғы кезеңде әдебиетіміздің абыройлы ақсақалы саналған Шәкәрім өнернамасы екі ғасыр шегінде бүкіл қазақ халқының рухани игілігіне айналған еді. Шәкәрім ақын ғана емес, тарихшы, философ ретінде де кеңінен танымал болды. Ғұлама қаламгердің әуелде қолжазба түрінде көптен тараған шығармалары жаңа ғасыр басында жеке – жеке кітап болып жариялана бастайды. 1911 жылы Орынборда «Түрік қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Мұсылмандық шарты» атты еңбектері шығады. Семейде қазақ тарихындағы тұңғыш ұлттық баспа – «Жәрдем» матбуғасы ашылған соң, 1912 жылы «Қалқаман - Мамыр» атты кітаптарын бастырады. Ревалюциядан соңғы жылдарда Шәкәрім еңбектерін жарыққа шығару ісіне әдебиет пен өнердің белгілі қайраткерлері атсалысады. Шәкәрім қысасты қазаға ұшырағаннан соң да бірталай уақыт бойы оның есімі, шығармалары баспа бетінен түспейді. Әйткенімен, Шәкәрім туындыларының басым көпшілігі қолжазба күйінде қалды. Бұл мол мұра негізінен Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының қолжазбалар бөлімінде жинақталған. Шәкәрімнің шығармалары осылар ғана емес, басқа көп, ірі жазбалары болатын. Өзінің қолымен жазылған барлық шығармалары Қытайға кеткен баласының қолында болу керек – деп жазады Ахат Шәкәрімұлы. Ахат Шәкәрімұлы 1959 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының қолжазбалар қорына Шәкәрімнің тағы бір мол топтамасын тапсырады.

Жас оқырманға арналған «Жолсыз жаза» жинағын іріктеп топтағанда, біз ең алдымен ақын сөздерінің ғылыми дәйекті текстің ұсынуға тырыстық

Өмірбаяны

Шәкәрім Құдайбердіұлы (11 шілде (24 шілде) 1858 - 2 қазан 1931)– ақын, ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор. Абаймен замандас әрі інісі, әрі ол негізін салған реалистік әдебиет дәстүрлерін алға апарушы ізбасары. Өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын керебілуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде Құдайбердіұлы Абай бағытын ұстанды. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың Күңке деген бәйбішесінен туған, яғни Абайдың туған ағасы. Шәкәрім бес жасында ауыл молдасына оқуға беріледі де онда жеті жасына дейін оқиды.

Жеті жасында әкесінен жетім қалған ол бұдан былайғы кезде Абайдың тікелей тәрбиесінде болады. Өскен ортасының аса бай дәстүрлері мен Абай ағасының тәрбиесі табиғатынан зерек Шәкәрімнің жетімдік көрмей өсуіне ғана емес, оның таланты ақын, парасатты ой иесі болуына да зор ықпал жасады. Шәкәрімнің өзі кейінірек былай деп жазады: «Әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды, сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан белек дана кісі еді, ержеткен соң сол кісіден тағлым алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, азғана ғылымның сәулесін сездім». Кезінде арнайы оқу орындарында оқып білім алмаса да, ез бетінше ізденіп және Абай ағасының жетекшілігімен жан сарайын байытқан Құдайбердіұлы заманында қазақ арасындағы аса білімдар адамдардың бірі болды. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білді. Ол адамдар өмірін жақсартуға тырысқан ғалымдарды мысалға келтіреді.

Шығармашылығы

«Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты тұңғыш кітабы 1911 ж. жарық көрген. Шәкәрімді философ, тарихшы, ойшыл ретінде де танытатын «Үш анық», «Мұсылсандық шарты» атты туындылары, әлеуметтік ағартушылық арнадағы «Жолсыз жаза», «Қалқаман — Мамыр», «Ләйлі — Мәжнүн» т.б. жыр жинақтары мен поэмалары басылып шыққан. Оның сезімді жүрегінен «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді», «Жастық туралы», «Анадан алғаш туғанымда» сияқты жиырмаға тарта әсем әуезді әндер туған. «Шәкәрім Құдайбердіұлы» шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер (кітап) – ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихында ірі тұлғалардың бірі Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары енген кітап. Жинаққа ақынның ағартушылық, әлеуметтік-әшкерелеушілік сипаттағы өлеңдері мен ауқымды эпикалық поэма, дастандары мен прозалық шығармалары және қара сөздері топтастырылған. Кітап 1988 жылы Алматы қаласы, «Жазушы» баспасынан шыққан. Көлемі 560 бет. Таралымы 50000 дана.

Құдайбердіұлының қаламынан терең ойлы, сыршыл лирик. өлеңдер, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» сияқты оқиғалы дастандар, «Әділ-Мәрия» романы және басқа да прозалық туындылар, аудармалар, тарихқа, философияға қатысты еңбектер, сазды әндер туды. 1911 ж. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», 1912 ж. Семей қаласындағы «Жәрдем» баспасынан «Қазақ айнасы», «Қалқаман-Мамыр», «Жолсыз жаза яки кез болған іс», «Еңлік-Кебек», «Үшанық», «Мұсылмандық шарты», «Ләйлі-Мәжнүн» т. б. шығармалары жарық көрді. 1978 жылы Ленинградта шыққан «Поэты Казахстана» деген жинақта Құдайбердіұлының бірқатар өлеңдері орыс тілінде басылды. Үлкен жинағы 1988 ж. «Жалын» баспасынан жарық көрді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы 20 дерек

1. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың Күнке деген бәйбішесінен туған, яғни Абайдың туған ағасы. Абаймен әкесі бір, шешесі бөлек. Шәкәрім сонда Абайға немере іні болып келеді.
2. Кейбір деректерде Шәкәрімнің шын есімі «Шаһкәрім» деп беріледі.
3. Шәкәрім бес жасында ауыл молдасына оқуға беріледі де онда жеті жасына дейін сабақ пен тәлім алады.
4. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білді.
5. Жеті жасында әкесі Құдайберді қайтыс болып, жетім қалады. Атасы оның көңіліне қаяу түсірмей, бетінен қақпай, еркелетіп өсіреді: ол жөнінде ақынның өзі: «Қажы марқұм мені «жетім» деп аяп, қысып оқыта алмай, жетімді сылтау етіп, ойыма не келсе, соны істеп ғылымсыз өстім» деп өкіне еске алады. Алайда ақылды бала өсе келе тез ес жиып, жеті жасынан бастап Абайдың тікелей тәрбиесінде болып, өлең сөзге бейімділігін танытады.
6. 20 жасында елінде болыс болады. 1881 жылы Абайдың ақылымен болыстықты Оспанға өткізеді.
7. 1905 жылы Шәкәрім Меккеге қажылық сапар шекті.
8. Меккеге барған бұл сапарын пайдаланып, ақын өзінің байырғы арманын жүзеге асырды. Стамбұл, Париж кітапханаларынан туған халқының тарихына байланысты кітаптарды оқыды. Сол сапарда жинаған мағлұматтар негізінде «Түрік, қырғыз, қазақ хандар шежіресі» кітабын жазады. 9. 1909-1910 жылдары ақын елден жырақтап, оңаша елсізге кетіп, оқу, ойлау, жазумен болған. Ол елсіздегі қорада жалғыз жатады. Бар шаруасын өзі істейді.

9. 1909-1910 жылдары ақын елден жырақтап, оңаша елсізге кетіп, оқу, ойлау, жазумен болған. Ол елсіздегі қорада жалғыз жатады. Бар шаруасын өзі істейді.

10. Домбыра тартып, гармоньда ойнаған. Ән айтып, саятшылық құрған, сурет салып, өмірін ғылымнан өзге осындай өнер түрлеріне арнаған.

11. Өзі ән айтумен қатар 14 жасынан бастап ән шығара бастады, түрлі аспаптарда ойнауы былай тұрсын, ағаштан ойып мандалин, қобыз сынды аспаптарды жасады, қолданбалы өнермен шұғылданып, тіпті киім тікті.

12. 73 жасында ақын жазалаушылар атқан оққа ұшырайды. Бұл сұмдық уақиға 1931 жылы 2 қазан күні болған. Шәкәрімнің денесі жапандағы құр құдықта көмусіз отыз жылдай жатады. Кейін ғана, жазалаушы отрядтан аман қалған Ахат деген ұлы, Шәкәрімнің денесін арулап, дұғасын оқып, жерлейді деген дерек бар.

13. «Халық жауы» ретінде айыпталып, бірнеше жыл бойы шығармаларын оқуға тиым салынады. Тек 1988 жылы ғана ақын есімі толық ақталды.

14. Тап сол жылы-ақ (1988 ж.) қажының 130 жылдығы Абай ауданы, 1998 жылы 140 жылдығы Семей қаласы көлемінде тойланды. Осы жылдар аралығында Семейдегі жоғары оқу орнына қажы есімі беріліп, ескерткіші орнатылды, қала орталығындағы үлкен бір даңғыл ақын есімімен аталды.

15. Құдайбердіұлының қаламынан терең ойлы, сыршыл лирикалық өлеңдер, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ-Айсұлу» сынды дастандар, «Әділ-Мәрия» романы және басқа да прозалық туындылар, аудармалар, тарихқа, философияға қатысты

еңбектер, сазды әндер туды. Сондай-ақ, «Қазақ айнасы», «Үш анық», «Мұсылманның шарты», «Ләйлі-Мәжнүн» шығармалары жарық көрді.

16. Ол орыс, Батыс әдебиетінің тамаша үлгілерін қазақ оқырмандарына таныстырды. Лев Толстойдың шығармаларын аса жоғары бағалап, өзін ғұмыр бойы Толстойдың шәкіртімін деп санады. Онымен хат жазысып тұрды. Шығармаларын қазақ тіліне аударды.

17. Шәкәрімнің «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» деген әні А.В. Затаевичтің 1931 жылы жарық көрген «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» деген жинағында «Шәкәрім Құдайбердин әні» деген атпен жарияланған.

18. Шәкәрімнің әндерін алғаш рет нотаға түсірген голландық Альвин Эрнестович Бимбоэс. Оның «Музыкалық этнография» атты жинағының ішінде «№ 1 Шакарим», «№ 2 Шакарим» деген атпен Шәкәрімнің екі әні жарық көреді.

19. Шәкәрімнің әндерін өзінен үйренгендердің ішінен көпке танымал әнші Қабыш Керімқұлов болса керек. Ал қазір Шәкәрім әндерінің бірден-бір насихатшысы, жанашыр іздеушісі әрі орындаушысы әнші Келденбай Ұлмесеков. Ол ел ішінде ұмыт болып бара жатқан ақынның біраз әндерін жинастырып, жарыққа шығарды, қазақ радиосының Алтын қорына жазғызды.

20. Бүгінде Семейде «Шәкәрім» және «Шәкәрім әлемі» атты екі бірдей журнал жарық көреді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы мәнді сөздері





Мен жетпіс екі жасқа келгенше өмірде болатын неше алуан қилы оқиғаларға, түрлі жамандық, жақсылыққа кездесіп, солардың көпшілігін, керекті-керексіздерін өзім де істеп, басымнан өткізгендерім көп. «Алдында өнегелі көрерің болсын» дегендей, алдымда Абай марқұм болған соң, содан ғибрат алып, «мен де адамдықтың, адалдықтың жолын қуғаным жөн» деп, басымды шытырман шатақтан ерте босатып алып, білім жолына түстім. Негізгі алған білімім болмаса да, өз бетіммен ізденіп, өткен жазушы-ғалымдардың жазғандарын оқып, ойларымен танысып, білгендерден сұрап, өз ойымнан құрап, түрлі әңгімелер жазып, барлық өмірімді жазумен өткіздім. Елу жасқа тақаған соң, оңашада жатып, басқа келген ойлардың барлығын қағазға түсіріп кеттім. Мен солардың бәрін өз мақтаным үшін жазғамын жоқ, мақтан үшін жазылған, айтылған сөздің құны болмайтынын жақсы білемін. Кейінгілер жарағаннан үлгі алып, өнеге үйренсін дедім. Міне, жетпістен астым, ойым тозбағанмен, денем тозды. Тозған денем ойыма орын болудан қалып барады. Мен оған қарамай әлі де келген ойды жаза бермекпін.

Бұл айтқалы отырған ойымды жекелеп, сұрыптап жазбағаныммен, бұрынғы жазғандарымда кездесіп отырады. Бұл тараудағы ойды басынан аяғына дейін түгел жазып, бәрін талдап, қорытып шығуға бір адамның өмірі керек. Ендігі менің қалған өмірімнің жетпейтіні анық. Дегенмен, сол ойымды қысқаша алдарыңа тартпақпын.

Бұл ойым — басқа келген қиял. Бірақ болмаған іс, құрғақ қысыр кеңес, жай қиял дейтін бір ауру бар. Бұл аурудан құтылу керек. Неге десеңіз, барлық ғылымның өзі қиялдан, ойлаудан туған.

Кітаптары



Шәкәрім Құдайбердіұлының музейге табысталған заттары

Баспасөз конференциясында Ернұр Әзімбаев шаңырағында сақталған ақын, философ, тарихшы Шәкәрім Құдайбердіұлының өзі тұтынған және өз қолымен жасаған баға жетпес бұйымдарын көпшілік алдында салтанатты түрде музейге тарту етті. Атап айтқанда: сойыл, ағаштан оймышталып жасалған саптыаяқ. Сонымен қатар шақша, фотосуреттер, кітаптар, Шәкәрім қажының жасаған ою-өрнек үлгісінің көшірмелері, сырмақ сыйға тартылды. Музейге сыйға берілген бұл жәдігерлер баға жетпес құндылығымен ерекшеленеді. Ш.Құдайбердіұлы жазықсыз жазаға ұшырағаннан кейін, жеке сақталған заттары осы күнге дейін табылмай келіп еді. Саятқорада жалғыз тұрып, шығармашылықпен айналысқан ақынның аңшылықпен, саяткершілікпен айналысқаны белгілі. Сыйға тартқан осы шоқпарды талай рет аңшылықта ұстағаны сөзсіз. Сонымен бірге, Ернұр Әзімбаев құнды жәдігерлердің бүгінгі таңда ешбір музейде жоқтығын атап өтті. «Мен, Әзімбаев Ернұр Мұсабайұлы, Тобықты Ырғызбай, Өскенбайдың Мырзатай деген ағасынан тараймыз. Мырзатайдан Жұман, оның 9 ұлының біреуі Әзімбай. Жұман атамыз «Абай жолына» кірген адам. Шәкәрім атылғанда немере ағайыны Әзімбаев Қыдыр, Әзімбаев Шыңғыс ақынның көп дүниелерін алып қалады. Бала кезімде Шәкәрім төсегінде жатып жүрдім. Мен кішкентай кезімде 10 жасқа дейін мына үлкен әкемнің баласы болдым, Шәкәрім төсегі деп Қыдыр атаммен бірге жатып жүрдім. Шоқпарды үлкен атамыз Қыдыр өмір бойы ұстап отыратыны көз алдымда. «Ой жарықтық Шәкәрім» деп айтып отыратын. Ол кезде бәрі Шәкәрім атын айтуға қорқатын, бірақ біздің үйде қорықпай айта беретінбіз», - деді Е.Мұсабайұлы. Жәдігерлердің музей қорына табысталуы - еліміздің бай тарихы үшін, абайтану, шәкәрімтану, музейтану үшін елеулі жаңалық.

Ұлт ақыны - Шәкәрім: Ұсыныс құрал оқырманға;
жетекші Г.Ахмедина / Құраст: Жұмасейтова Г.
– Атасу, 2018. – 12 бет